

**Қыр астында қыркүйек**

Өңірде қысқы кезеңге дайындық жұмыстары жүргізілуде

**Бидайықтағы дүбірлі той**

Ауыл азаматтарының туған жерге деген перзенттік парызын айшықтады

Білім

Жасанды интеллект дәуіріндегі белес

Жерлесіміз облыстық марапатқа ие болды

Қостанайда өткен дәстүрлі тамыз кеңесі білім беру саласындағы жаңа трендтер мен батыл қадамдардың алаңына айналды.

Жиында цифрландыру және жасанды интеллектті мектеп өміріне енгізу мәселелері кеңінен талқыланып, өңірдің үздік педагогтері марапатталды. Атаулы шарада қажырлы еңбегімен көзге түскен Жангелдин ауданының ұстазы биік белестен көрінді.

Биылғы кеңестің басты ерекшелігі – заманауи технологиялардың қарыштап дамуы. Жиынды жасанды интеллект негізінде әзірленген Ұмай есімді цифрлық виртуалды жүргізуші жүргізіп, қатысушыларды таңғалдырды. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов өңірдегі білім сапасы артып келе жатқанын атап өтіп, PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижесінде облыс көшбасшылар қатарынан көрінгенін жеткізді. Жаңа оқу жылынан бастап өңір педагогтеріне ChatGPT Edu жасанды интеллект көмекшісін пайдалануға мүмкіндік берілмек.

«Мемлекет басшысы білім сапасы мен жас ұрпақтың дамуына айрықша мән беріп келеді. Бұл бағыт жаңа Ата Заңымызда да көрініс тапты. Бүгінде облыстың білім беру жүйесі 150 мыңға жуық баланы және 36 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Соңғы 3 жылда 15 балабақша, 10 мектеп салынып, 457 нысан жөндеді, оның 30-ы күрделі жөндеуден өтті. Балабақша кезегі 4 есеге, мектептердегі орын тапшылығы 3 есеге қысқарып, 70 мыңнан астам баланың білім алу жағдайы жақсарды. Биылтағы 112 нысан жаңартылууда, оның 7-еуі күрделі жөндеуден өтуде. Барлық мектеп жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылған. Соңғы 4 жылда 82 ауыл мектебі заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді. Мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыруға, техникалық және кәсіптік білімді дамытуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 94%, республикада – 83%. Жаңа оқу жылынан бастап «Цифрландыру жылы» аясында облыс педагогтеріне ChatGPT Edu жасанды интел-



лект көмекшісін пайдалану мүмкіндігі беріледі. Білім сапасындағы оң динамика халықаралық зерттеулерден де көрінеді. PISA-2022 нәтижесінде облыс үш бағыт бойынша ел көшбасшыларының қатарында: оқу сауаттылығы – 1-орын, математика – 4-орын, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – 3-орын. Ауыл мектептеріндегі білім сапасы 2023 жылғы 57%-дан 62%-ға өсті. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында балалармен бірге ағаш отырғызу, гүлзарлар мен шағын бақтар қалыптастыруды дәстүрге айналдыру маңызды», - деді Құмар Ақсақалов.

Технология мен жасанды интеллект қаншалықты дамыса да, ұстаздың орны бөлек екені жиында ерекше айтылды. Осы орайда, заман талабы мен ұстаздық ұстанымның сабақтастығы туралы ой өрбіткен Жангелдин ауданынан келген ұстаз Әсем Серікбаева жасанды интеллект оқушы мен мұғалімді алмастырмайтынын, тек ойлау көкжиегін кеңейтетін тиімді құрал болуы тиіс екенін жеткізді.

– Менің ойымша, жасанды интеллектті білім саласына енгізу – заман талабы. Бірақ оған толық сүйеніп кетуге болмайды. Жасанды интеллект педагогті де, оқушыны да алмастырмай, олардың мүмкіндігін арттыратын



көмекші құрал болуы тиіс. Бастысы, жасанды интеллект біз үшін ойламауы керек, керісінше, бізге тереңірек ойлауға мүмкіндік беруі тиіс. Дайын жауап алу емес, өз бетінше ойлайтын, зерттейтін және шешім қабылдайтын тұлға қалыптастыру, - деп ой бөлісті Әсем Серікбаева.

Шара соңында салаға сүбелі үлес қосып жүрген бір топ білім беру қызметкері марапатталды. Атап айтқанда, Жангелдин ауданы Қаратүбек жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әсем Дайырова облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Бүгін мен үшін ерекше қуанышты әрі толқынысты күн болды. Ұстаздық жолдағы еңбегімнің бағаланып, облыстық деңгейде марапатқа ие болуым – мен үшін үлкен мәртебе. Ұстаз еңбегінің нәтижесі бір күнде көріне бермейді. Күн сайын шәкірттің бойына білім мен тәрбие дарытып, оның жетістігіне қуану – біз үшін үлкен бақыт», – дейді Әсем Дайырова.

Мұғалім бұл табысты тек өзінің ғана емес, әріптестері мен шәкірттерінің және ата-аналардың ортақ еңбегі деп бағалайтынын атап өтті. Айтуынша, көрсетілген сенім алдағы уақытта да маман-

дығына адал болып, жаңа белестерді бағындыруға үлкен шабыт береді.

Қостанай өңіріндегі бұл басқосу білім сапасын арттыру жолындағы ауқымды жұмыстардың тек бастамасы екенін көрсетті. Ал Жангелділік ұстаздың жетістігі аудан мерейін үстем етіп, жас буынға сапалы білім беру жолындағы табанды еңбектің лайықты бағаланғанын паш етті.

Технологиялық тақырып ауқымды шараның көрме бөлігінде де жалғасын тапты. Мұнда ұстаздар дамытушы ойындармен, цифрлық шешімдермен, робототехникамен және жаңа білім беру

форматтарымен танысты. Көрме қатысушыларының арасында Қазақстанның дрон-футбол федерациясы да болды. Федерация президенті Әлихан Рыспай бұл жаңа бағытты Қостанай облысында да дамыту жоспарлары бар екенін айтты. Бүгінде елімізде 40-қа жуық команда бар, ал 1-3 қазан аралығында Астанада Қазақстан, АҚШ, Қытай, Гонконг, Корея және Түркия командаларының қатысуымен халықаралық чемпионат өтеді деп жоспарланып отыр.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ,
Суреттерді түсірген –
Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ

Дінмұханбет БИДАШЕВ: «Орталық – Батыс» күре жолы – Торғай үшін тарихи серпін әрі жаңа мүмкіндіктердің бастауы»

Мемлекет басшысы Қа-
сым-Жомарт Тоқаев-
тың Жолдауынан ке-
йін елдің шалғай өңір-
лерінде түбегейлі оң
өзгерістер басталды.

Әсіресе, тарихы ғасырға
жуықтайтын Жангелдин
ауданының тыныс-тіршілігі
қайта жанданып, тұрғындар-
дың ертеңге деген сенімі арта
түскен. Бұл бағытта қандай
ауқымды жұмыстар атқары-
лып жатыр? Алдағы жоспар-
лар мен өңірдегі жаңалықтар
туралы Жангелдин ауданының
әкімі Дінмұханбет Серікұлы
Бидашевпен ашық әрі мазмұн-
ды сұхбат құрған едік.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
– ӨҢІРДІҢ БАСТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТІРЕГІ

**-Дінмұханбет Серікұлы,
жүз жылға жуық тарихы
бар Жангелдин ауданы-
ның негізгі кәсіп көзі мал
шаруашылығы екені белгілі.
Бүгінгі таңда Президент
бұл саланың өркендеуіне
ерекше мән беріп отыр.
Ауданның бұл бағыттағы
көрсеткіштері мен экономи-
калық ахуалы қалай?**

- Ауыл шаруашылығы
саласы – әрқашан біздің
негізгі даму бағытымыз болып
қала бермек. Бүгінде ауданда
жалпы 53 749 ірі қара мал
өсірілуде. Бұл өткен жылмен
салыстырғанда 4,7%-ға артық.



Оның ішінде сиыр саны – 30
302 бас (3,7%-ға өсті), жыл-
қы – 21 464 бас (4,8%-ға өсті),
ал қой-ешкі – 68 477 басты,
түйе – 162 басты құрап отыр.
Малдың тұқымын жақсарту
жұмыстары да назардан тыс
қалған жоқ. Ірі қара малдың
барлық санаттары бойынша
23 672 аналық бастың 2 276-сы
тұқымдық түрлендіруге қаты-
сып, көрсеткіш 9,6 пайызға
жетті.Сонымен қатар, шаруа
қожалықтары техника паркін



жаңартуға белсенді кірісті.
Мемлекеттің «Жеңілдікті
лизинг» және «Қазақстанда
жасалған» бағдарламала-
рының арқасында биыл 1
фронталды жүк тиегіш пен
8 дөңгелекті трактор сатып
алынды. Жалпы техника құны
131 миллион теңгені құрайды.
Нәтижесінде, есепті мерзімде
ауыл шаруашылығы саласын-
да 7 миллиард 373,7 миллион
теңгенің өнімі өндірілді.

Бизнес пен шаруаларға
қолдау көрсету мақсатында
үстіміздегі жылы 15 маусымда
жалпы көлемі 19 000 гектар
болатын 7 лот бойынша
конкурс өткізіліп, 7 жеңімпаз

**артуының айқын көрінісі.
Ауданда бұл бағытта қандай
ілімді жұмыстар қолға
алынды?**

- Халықтың тұрмыс сапа-
сын жақсарту үшін бірқатар
нысандардың құрылысы жү-
ріп жатыр.Біріншіден, Сарысу
ауылында биіктігі 24 метрлік
байланыс мұнарасының
құрылысы қарқын алуда. Бұл
нысан тамыз айында пайда-
лануға беріліп, жыл соңына
дейін «Билайн» байланыс
желісі мен 4G мобильді интер-
неті қосылады деп күтілуде.
Оған қоса, Шиілі, Милісай
және Көлқамыс ауылдарын-
да талшықты-оптикалық

тұрғындар тарапынан да
үйлер салынууда.

Сонымен қатар, республи-
калық бюджет есебінен Тәуіш,
Саға, Сужарған, Аралбай,
Көкалат, Ақкөл, А.Байтұрсы-
нұлы, Ақшығанақ және Шиілі
ауылдарына жаңа ветеринар-
лық пункттер орнатылуда.
Қазір мердігерлер анықталып,
жұмыстар басталды.

**МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ
ЖЫЛЫНА ӘЗІР**

**- Ауылдардың ахуалы мен
білім саласы қалай? Мек-
тептердегі бала саны жет-
кілікті ме және туған жерге
жанашырлық танытып
жатқан азаматтар бар ма?**

- Жангелдин ауданының
ауылдарында тұрғындардың
өмір сүру сапасын арттыру
мақсатында жүйелі жұмыстар
жүргізілуде. Қазіргі таңда аудан
мектептерінде 2 195 оқу-
шы білім алуда. Оның ішінде
174 бала мектепалды даярлық-
та, 724-і бастауыш сыныпта,
ал 1 297 оқушы негізгі және
жоғары сыныптарда оқиды.
Бұл көрсеткіштер мектепте-
ріміздің тұрақты жұмыс істеп
тұрғанын көрсетеді.Жаңа оқу
жылына сапалы дайындық
үшін бірнеше білім беру ғима-
ратын жөндеуге 88 миллион
теңге бөлінді. Атап айтқанда,
Ы.Алтынсарин, Ғ.Қайырбеков,
Ш.Уәлиханов, Н.Г.Иванов,
Қ.Топтаев және Қаратүбек мек-
тептерінде жөндеу жұмыста-
ры жүріп жатыр.

Оқушылардың қауіпсіз-
дігіне баса мән беріліп, 55
миллион теңге жұмсалды.
Барлық мектептерге поли-
цияға қосылған 240 цифрлық
бейнебақылау камерасы, «да-
был түймесі» мен «дауыстық
хабарлама» орнатылды. Аудан
орталығындағы 3 жалпы білім
беретін және 1 өнер мектебіне
жеке меншік күзет тартылды.

Ал туған жерге жанашыр-
лық танытқан азаматтарға
келсек, кәсіпкерлер мен
сырттан шыққан жерлесте-
ріміз білім, мәдениет, спорт
нысандарына демеушілік
жасап, әлеуметтік жағдайы тө-
мен отбасыларға үнемі қолдау
көрсетіп келеді.

**«ОРТАЛЫҚ – БАТЫС»
КҮРЕЖОЛЫ АУДАН
ЭКОНОМИКАСЫНА ТЫҢ
СЕРПІН**

**- Президент Торғай өңі-
рінің дамуына тың серпін
беретін жола құрылысы
жөнінде тапсырма берген
болатын еді. Бұл ақжолтай
жаңалықты торғайлықтар
қалай қабылдады?**
- Бұл – Торғай жұртшылығы

шексіз қуанышпен қарсы
алған, өңір экономикасына
елеулі серпін беретін тарихи
оқиға. Мемлекет басшысы-
ның тапсырмасы бойынша
«Орталық – Батыс» жаңа авто-
мобиль жолының құрылысы
басталды.Бұл жол Арқалық-
ты Астанамен және Торғай
ауылын Ырғыз ауданымен
жалғайды. Жалпы ұзындығы
889 шақырымды құрайтын бұл
магистраль еліміздің орталы-
ғы мен батысын байланыс-
тырып қана қоймай, Астана
мен Батыс өңір арасындағы
қашықтықты 560 шақырымға
қысқартады.

Қазіргі таңда Торғай ауы-
лынан Шеген ауылына дейінгі
20 км. астам жолға 1043 текше

ру шағын цехтары ашылатын
болады.

Ал «Таза Қазақстан» эко-
логиялық бағдарламасына
келсек, бұл бағытта ауқымды
жұмыстар атқарылды. 1 250
тонна қатты тұрмыстық
қалдық қоқысы шығарыл-
ды. Тазалық жұмыстарына 3
000 адам қатысып, 1 300 аула
тазартылды. 44 тарихи-мәде-
ни ескерткіш ретке келтіріліп,
барлық білім, денсаулық сақ-
тау және мәдениет нысандары
қамтылды. Саябақтар мен
қоғамдық орындар абат-
тандырылып, көгалдандыру
жұмыстары жүргізілді. «Таза
Қазақстан Бот» арқылы келген
26 өтінімнің барлығы толық
орындалды.



метр топырақ төгіліп, 50 арна-
йы техника жұмыс істеп жа-
тыр. Мұндай ауқымды жоба
аймақта бизнес пен туризмді
дамытып, жаңа жұмыс орын-
дарын ашуға және халықтың
тұрақтауына зор әсер етеді.

**КЕЛГЕН ӨТІНІМ ЕСКЕРУСІЗ
ҚАЛМАЙДЫ**

**- Шағын және орта
бизнесінің жағдайы қалай?
Сондай-ақ «Таза Қазақстан»
бағдарламасы ауданда
қалай жүзеге асырылып
жатыр?**

- Бүгінгі таңда ауданда 605
шағын және орта кәсіпкер-
лік субъектісі жұмыс істейді
(оның ішінде 31 заңды тұлға,
251 жеке кәсіпкер және 323
шаруа қожалығы бар). Бұл
салаларда 735 адам еңбек
етуде.Мәселен, мамыр айында
Торғай ауылында мерекелік
сыйлықтар дүкені ашылды. Ал
«Кәсіпкерлікті дамыту» ұлт-
тық жобасы аясында әлеумет-
тік осал топтағы 13 азаматқа
грант беру жоспарланып, қа-
зірдің өзінде 8 өтініш қанағат-
тандырылды. Бұл қаражатқа
техникалық жөндеу орталығы,
наубайхана, дәнекерлеу және
автокөлік дөңгелегін ауысты-

**МЕРЕЙЛІ МЕЖЕ
ҚАРСАҢЫНДА**

**-Сөзіңізді қорытындылай
келе, алдағы уақытта аудан
дамуына қатысты негізгі ба-
сымдықтар қандай болмақ?**

- Ауданымыздың өсіп-өр-
кендеуі – біріміздің ортақ
парызымыз. Әрбір тұрғын өз
ауласы мен көшесінің тазалы-
ғына жауапкершілікпен қа-
рап, «Таза Қазақстан» бағдар-
ламасы секілді игі бастама-
ларға белсенді атсалысса, бұл
өңіріміздің көркейе түсуіне
қосылған зор үлес болмақ.

Ерекше атап өтетін жайт,
2028 жылы Жангелдин аудан-
ының құрылғанына 100 жыл
толады. Осыған орай, Торғай
өңірінің тумаларын, елжанды
азаматтарды, әсіресе сыртта
жүріп кәсіп жасап жүрген ба-
йырғы тұрғындарымызды аудан-
ның дамуына белсенді ат-
салысуға шақырамын. Халық
пен биліктің өзара сенімі мен
ынтымақтастығы арқасында
ғана үлкен жетістіктерге жете
аламыз. Бірлігіміз бекем, еңбе-
гіміз жемісті болсын!

- Әңгімеңізге рахмет!

**Сұқбаттасқан
Шұға АҢСАҒАНҚЫЗЫ**

Хабарлама

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ
«Астана – Арқалық – Тор-
ғай – Ырғыз» автомобиль
жолының 685-735 км
учаскесіндегі «Орталық
– Батыс» дәлізін реконст-
рукциялау бойынша жоба-
лық-сметалық құжаттама-
ны (ЖСҚ) түзету» жұмыс
жобасына арналған «Қор-
шаған ортаны қорғау»
бөлімі бойынша қоғамдық
тыңдауларды жария тал-
қылау түрінде өткізетінін
хабарлайды.
2026 жылғы 28 тамыз-

дан 3 қыркүйекке дейін
«Қоршаған орта мен таби-
ғи ресурстардың жай-күйі
туралы ұлттық деректер
банкі» ақпараттық жүйесі
арқылы жария талқылау
жүргізіліп, ескертулер
мен ұсыныстар қабылда-
нады.

Жобалық құжаттама-
ның тапсырыс берушісі:
«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ
Қостанай қаласы, Хакім-
жанова к-сі, 7
Тел.: 8 (7142) 55-82-21
Қоршаған ортаны қорғау

(ҚОҚ) бөлімін әзірлеуші:
«ПИ «Құстанайдорп-
роект» ЖШС
Тел.: 8 (7142) 50-78-20,
8-705-603-28-73
Қоғамдық тыңдаулар-
дың материалдарымен
https://ndbecology.gov.kz
ақпараттық сілтемесі ар-
қылы танысуға болады.
Жоба бойынша қосымша
ақпаратты 8-705-603-
28-73 телефоны арқылы
немесе letsiknn@mail.ru
электрондық поштасы ар-
қылы сұратуға болады.

АО «НК «ҚазАвтоЖол»
объявляет о проведении
общественных слушаний
в форме публичных об-
суждений по материалам
раздела «Охрана окружа-
ющей среды» к рабочему
проекту: «Корректировка
ПДС по реконструкции
коридора «Центр – Запад»
по автомобильной дороге
«Астана – Аркалык – Тор-
ғай – Иргиз» участок км
685-735, Джангельдин-
ский район, Костанайской
области».

С 28 августа по 3 сентя-
бря 2026 г. на сайте «На-
циональный банк данных
о состоянии окружающей
среды и природных ресур-
сов» https://ndbecology.
gov.kz проводятся публич-
ные обсуждения и прини-
маются замечания и пред-
ложения.
Заказчик проектной до-
кументации:
АО «НК «ҚазАвтоЖол»,
г.Костанай, ул. Хакимжа-
новой, 7, Тел. 7142-55-
82-21,

Разработчик раздела
ООС: ТОО «ПИ «Құстанай-
дорпроект»,
тел.: 87142-50-78-20,
8705-603-28-73.
С материалами обще-
ственных слушаний
можно ознакомиться в
информационной систе-
ме https://ndbecology.
gov.kz. Дополнительную
информацию по проекту
можно запросить по тел.
8-7056032873, электрон-
ный адрес letsiknn@mail.
ru

Қыр астында қыркүйек

Өңірде қысқы кезеңге дайындық жұмыстары жүргізілуде

Жангелдин ауданында 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді қысқы кезеңге дайындау, қажетті отын қорын қалыптастыру және жылу жүйелерінің техникалық жағдайын тексеру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылады.

Аудан басшысының қаулысына сәйкес, 2026 жылдың қазан айынан бастап білім беру ұйымдары, спорт кешені, спорт мектебі, денсаулық сақтау нысандары және тұрғын үйлер жылумен қамтамасыз етіледі деп жоспарланған.

КӨМІРДІҢ 45 ПАЙЫЗЫ ЖЕТКІЗІЛДІ

Жылыту маусымын тұрақты өткізу үшін аудан бойынша көмір қорын жинақтау жұмыстары жүргізілуде. Қостанай облысы бойынша электр станциялары, бюджеттік және коммуналдық кәсіпорындар, сондай-ақ хаалық үшін 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына көмір жеткізу жоспары бекітілген.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, жоспар бойынша Жангелдин ауданына жалпы 20 720 тонна көмір жеткізілуі тиіс.

2026 жылғы 20 тамызда-



ғы жағдай бойынша оның 9092 тоннасы жеткізілген. Бұл жалпы жоспардың 45 пайызын құрайды.

Көмірдің негізгі бөлігі әлеуметтік және коммуналдық нысандарға бағытталуда. Атап айтқанда, коммуналдық кәсіпорындарға – 555 тонна, денсаулық сақтау саласына – 588 тонна, білім беру ұйымдарына – 4480 тонна, бюджеттік ұйымдарға – 1495 тонна көмір жеткізілген. Сонымен қатар аудан тұрғындары үшін 3604 тонна қатты отын тасымалданған.

Қысқы отын ауданға жеке тасымалдаушылар арқылы Арқалық қаласы мен Шұбаркөл елді мекенінен жеткізілуде.

Аудан әкімдігі көмір жеткізу жұмыстары

жылыту маусымы басталғанға дейін жалғасатынын хабарлады.

ЖЫЛУ НЫСАНДАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Жылыту маусымының қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету және қыс мезгілінде туындауы мүмкін авариялық жағдайлардың алдын алу мақсатында жылу тарату нысандарына тексеру жүргізілді. Бұл жұмыстарды «Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауданның Төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесіп атқарған.

Тексеру барысында жылу қазандықтары, жылу



желілері және басқа да инженерлік инфрақұрылым нысандарының жағдайы қаралды. Мамандар ақаулар мен кемшіліктерді анықтап, жауапты тұлғаларға тиісті ескертулер берген.

Аудан әкімдігі өкілдерінің айтуынша, мұндай тексерулердің негізгі мақсаты – жылыту маусымы басталғанға дейін кемшіліктерді жою және қыс кезінде жылумен қамту жүйесінде іркілістерге жол бермеу.

Мектептердің жылыту жүйелері жаңартылды. 2026 жылы аудандағы білім беру нысандарын қысқы кезеңге дайындау бағытында бірқатар жұмыстар атқарылған.

Атап айтқанда, Қ. Топаев атындағы жалпы білім беретін мектепке 12 миллион

550 мың теңгеге екі жылу қазандығы мен мұржа орнатылды. Сонымен қатар Ғ. Қайырбеков атындағы жалпы білім беретін мектепке жаңа мұржа орнатылған. Ы. Алтынсарин атындағы мектептің жылыту жүйесі де толық ауыстырылды. Бұл жұмыстардың барлығы қыс мезгілінде білім беру нысандарын тұрақты жылумен қамтамасыз етуге бағытталған.

Әкімдік әлеуметтік нысандардың, әсіресе мектептер мен денсаулық сақтау ұйымдарының қысқы кезеңге дайындығына ерекше мән беріп отырғанын атап өтті.

ТОРҒАЙДАҒЫ ТӨРТ ҚАЗАНДЫҚ ҚЫСҚА ДАЙЫН

Аудан орталығы Торғай ауылындағы орталықтандырылған жылу жүйесінің дайындығы да бақылауда. Қазіргі уақытта ауылда жұмыс істеп тұрған төрт орталықтандырылған жылыту қазандығы толықтай қысқы кезеңге дайындалған. Торғай ауылындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 1,8 шақырымды құрайды.

«Коммуналдық қызметтердің негізгі міндеттерінің бірі – жылыту маусымы басталғанға дейін жылу қазандықтары мен желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, қажетті отын қорын жинақтау және авариялық жағдайларға жедел әрекет етуге дайын болу. Сонымен бірге «Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммунал-

дық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен оның «Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарапынан энергия таратушы ұйымдардың 2026-2027 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Тиісті құжаттар жолданған. Әзірлік паспортын 2026 жылғы 24 тамызда алу жоспарланып отыр», - дейді аудан әкімі Дінмұханбет Бидашев.

Жылыту маусымына дайындық барысы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында. Аталған бағыттағы жұмыстардың орындалуы туралы «Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына» әр аптаның дүйсенбі күні жедел ақпарат беріліп отырады.

Осылайша, Жангелдин ауданында қысқы кезеңге дайындықтың негізгі бағыттары – отын қорын қалыптастыру, қазандықтар мен жылу желілерін әзірлеу, әлеуметтік нысандардың инженерлік жүйелерін жаңарту және авариялық жағдайлардың алдын алу жұмыстары қамтылып отыр. Алдағы уақытта көмір жеткізу көлемін арттырып, жылыту маусымы басталғанға дейін жоспарланған жұмыстарды толық аяқтау көзделген.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Әлеумет

50 851 теңгеден бастап

Жангелдин ауданы бойынша 380 мектеп оқушысына қаржылай көмек беріледі

Қостанай облысында жаңа оқу жылына дайындық қызу жүріп жатыр. Өңірдегі әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан мыңдаған балаға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетіледі. Жалпыға білім беру қорынан облыстағы 9 717 балаға мектепке қажетті құрал-жабдықтар мен форма сатып алу үшін 826 млн теңге қаржы бөлінді. Ал Жангелдин ауданы бойынша 380 балаға 19 323 380 теңге көлемінде қаржылай көмек берілді. Науқан 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасады. Көмектің ең төменгі мөлшері бір балаға 50 851 теңгені құрайды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 10 пайыз көп.

АҚША ҚАЙДА ТҮСЕДІ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ЖҰМСАЛАДЫ?

Бұл жерде «Бөлінген қаражат қайда түсіп жатыр және оны қалай жұмсауға болады?» деген заңды сұрақ туындайтыны анық. Жауап біреу – барлық қаржылай қолдау тікелей мақсатты иесіне бағыт-

талады.

Мамандардың түсіндіруінше, бөлінген қаражат қандай да бір қосалқы шоттарда немесе кідіріп қалмайды. Бюджеттен бөлінген қаражат тікелей ата-аналардың немесе заңды өкілдердің жеке карточкалық шоттарына толықтай аударылады. Бұл жүйе қаржының орынды жұмсауын қадағалап қана қоймай, ата-аналардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Қаражат картаға түскен сәттен бастап отбасы оны өз қажеттілігіне дербес жұмсай алады. Бұл қаржыландыру тәсілінің бұрынғы жүйелерден басты артықшылығы – бюрократиялық кедергілер мен шектеулердің жоқтығы. Атап айтқанда, өз бетінше таңдау жасау еркіндігі, ата-аналар балаға қажетті киім-кешек, сапалы аяқ киім және барлық қажетті кеңсе тауарларын өздері қалаған, ұнатқан дүкеннен немесе сауда орталығынан барып еркін сатып ала алады.

Белгіленген бір ғана орыннан тауар алуға мәжбүр болмағандықтан,

отбасылар өз бюджетіне тиімді, бағасы мен сапасы қатар үйлесетін өнімді саналы түрде таңдайды. Ата-ана баласына киетін киімнің матасына, аяқ киімнің ыңғайлылығына өз көзімен көз жеткізіп алады. Бұл әсіресе балалардың денсаулығы мен жайлылығы үшін аса маңызды.

БҰЛ КӨМЕКТІ КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

Қор қаражаты мен бюджеттен бөлінген қолдау қаржысы қатаң түрде келесі санаттағы отбасылар мен балаларға үлестіріледі. Атаулы әлеуметтік көмек (АЭК) алушылар: Мемлекеттен тұрақты түрде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардағы балаларға бұл қолдау бірінші кезекте қарастырылған. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын тұрмыс төмен отбасылар. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз

қалғандар, Ата-ана жылуынан айырылған немесе қамқорлыққа мұқтаж жетім балалар толықтай мемлекеттің бақылауы мен қорғауында болады. Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккендер: Эр түрлі табиғи апаттар, өрт немесе басқа да зілзалалар мен төтенше жағдайлардың салдарынан қиын жағдайға тап болған отбасылардың балалары. мектептің алқалы органдары айқын дайтын басқа да мұқтаж санаттар.

АТА-АНАЛАР НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Жангелдин ауданының тұрғыны, бес бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты ана Гая Губайдуллина жалпыға бірдей білім беру қорынан көмек алу үшін құжаттарын тапсырды. Мемлекет тарапынан берілетін бұл көмек отбасыға оқу құралдары мен қажетті заттарды алуға айтарлықтай қолдау болмақ.

Гая Губайдуллина бұл бастаманың маңыздылығын атап өтті.

«Мемлекеттің, аудан

басшылығы мен білім саалсы қызметкерлерінің көрсетіп жатқан бұл қамқорлығы біз үшін өте үлкен көмек. Жалғызбасты ана ретінде бес баланы оқытып, киім-кешекпен, қажетті құрал-жабдықпен қамту оңай емес. Осындай қолдаудың бар екеніне және балаларымыздың назардан тыс қалмайтынына алғысым шексіз», – деді ол.

Көмекке қол жеткізу үшін ата-аналар келесі негізгі үш қадамды жүзеге асыруы тиіс. Мектепке хабарласып, консультация алу қажет. Ең алдымен, балаңыз білім алып жатқан орта мектептің әкімшілігіне, сынып жетекшісіне немесе мектептің әлеуметтік педагогына барыңыз. Жағдайыңызды ашық түсіндіріп, тізімге ену немесе құжат тапсыру тәртібі бойынша нақты нұсқаулық алыңыз. Қажет болған жағдайда аудандық немесе қалалық білім бөліміне де жүгінуге болады.

eGov.kz порталы арқылы онлайн өтініш беру:

Заманауи технологиялар артық уақыт пен кезек күтудің машақатынан

арылтады. Сіз үйден шықпа-ақ egov.kz (Электрондық үкімет) веб-порталы немесе ресми мобильді қосымшасы арқылы өтініш бере аласыз. Ол үшін іздеу жолағына немесе қызметтер тізімінен «Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсету» қызметін таңдап, электрондық форматта рәсімдеу жеткілікті. Бұл – уақытыңызды үнемдеудің ең оңтайлы жолы.

Құжаттар топтамасы мен банк шотының ре-визиттерін дайындау:

Өтініш беру барысында отбасының әлеуметтік жағдайын растайтын тиісті құжаттарды жүйеге тіркеу қажет. Сонымен қатар, бөлінген қаржы тікелей түсуі үшін өз атыңызға ашыған банк шотының реквизиттерін (карта нөмірін немесе IBAN есептоты) қатесіз көрсетуді ұмытпаңыз. Реквизиттердің дұрыс көрсетілуі қаражаттың уақытында кедергісіз түсуін қамтамасыз етеді.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Бидайықтағы дүбірлі той

Ауыл азаматтарының туған жерге деген перзенттік парызын айшықтады

Алаштың ардақты перзенті, ұлт руханиятының ұлы тұлғасы Міржақып Дулатұлының ғазиз жаны мәңгілікке аялдаған Бидайық ауылы биыл 45 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өтті.

Елді мекеннің мерейлі тойы ұлттық құндылықтарды ұлықтаған тағылымды іс-шаралармен өріліп, ауыл азаматтарының туған жерге деген перзенттік парызы мен ыстық ықыласын айшықтады.

Дүбірлі думан алдымен Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының рухына Құран бағыштаудан басталды. Бұдан соң мерекелік бағдарлама түрлі мәдени-көпшілік және спорттық сайыстарға ұласты. Ауылдың 45 жылдығына арналған игі бастамалардың басы-қасында Бидайықтан түлеп ұшқан ел азаматтарының еңбегі ерен. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында іргесі қаланған Бидайықтың басты байлығы – құнарлы жері.

– 1981 жылы осы Бидайық ауылының іргетасы қаланды. Негізгі мақсат – жерінің құнарлылығын пайдаланып, егін шаруашылығын дамыту еді. Бүгінде мектеп пен мұражай жұмыс істеп тұр. Көшелерге асфальт төселді, ұялы байланыс орнатылды. Ауылдық жерлер үшін ең қажетті дүниелердің бірі – жол сапасы, интернет пен ұялы байланыстың тұрақты жұмыс істеуі, – дейді Жангелдин ауданының әкімі Дінмұханбет Бидашев.

Игі іске ел ақсақалдары бастамашыл болған. Жас буын аталы сөзді мақұлдап дүбірлі мұрындық болуға асыққан. Ұйымдастырушылардың айтуынша, тойға 2-3 ай көле-



білсе екен деген ниет болды. Әсіресе, жастарға, балаларға Міржақыптың елінде, шағын ғана Бидайық ауылында осындай тағылымды іс-шараның өтіп жатқанын көрсеткіміз келді, – дейді мерейтойды ұйымдастырушылардың бірі Асхат Қисықов.

Мерейтойдың мәні – өткенді ұлықтап қана қоймай, келешекке аманат қалдыруында. Әуелі ел руханияты мен тарихы үшін қасиетті орынға айналған Міржақып Дулатұлының кесенесіне арнайы барып, Құран бағышталды. Осы ауылдың негізін қалап, оны ұйымдастырып, өркендеуіне өз еңбегін арнаған азаматтардың рухына да дұға оқылды.

Келген жұртшылық Алаш қайраткерінің мұражайын тамашалап, қазақтың біртуар перзентінің өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды деректермен танысты. Мұражай меңгерушісі Нағашыбай Аралұлы жиналған қауымға мұражайдағы жәдігерлер мен



ақ жаулықты әжелер мен ақсақалдар шашу шашты.

Осылайша тағылымы мол, елдік мәні зор мерекелік шараның негізгі бағдарламасы өз жалғасын тапты.

Ауыл азаматтары туған жерге тарту ретінде бірқатар



дiршiндерiне жетi элементтен тұратын ойын алаңын салып берiп жатыр. Бұл бiз үшiн үлкен қуаныш. Балаларымыз мектеп алдындағы таза ауада ойнап, көңiл көтеретiн болады. Жалпы, тойымыз өте мәндi әрi сәндi өтiп жатыр. Жетi кiзi үй тiгiлiп, бүгiнгi мерекеге 300-400-дей адам жиналды, – дейдi Қызбел ауылдық округiнiң әкiмi Қайсар Нұрғазин.

Мерекенiң ажарын ұлттық спорт түрлерi де айрықша аша түстi. Боз кiлемде балуандар белдесiп, мықтылар анықталды. Үш салмақ дәрежесi бойынша ұйымдастырылған бәсекеге 90 спортшы қатысты. Қостанай, Қарағанды, Алматы, Астана қалаларынан және өнiрдiң әр түкпiрiнен келген балуандар шеберлiктерiн ортаға салды. Бiрнеше сағатқа созылған тартысты белдесулердiң нәтижесiнде торғайлық Бекзат Жақсылық қарсыластарынан басым түсiп, жарыстың бас жүлдесiн иеленiп, «Түйе балуан» атанды.

– Жарыс жоғары деңгейде өттi. Мұнда жай ғана спортшылар емес, әр жерде жүлде алып, өз мықтылығын дәлелдеген балуандар жиналды. Алғашқы белдесуiмде Павлодардан кел-

ген балуанмен күрестiм. Кейiн Арқалықтағы өз бауырыммен белдесiм. Финалда Нұрсұлтан есiмдi арқаулық балуанмен кездесiм. Ол да тәжiрибелi, күресте өзiндiк нәтижелерiн көрсетiп жүрген мықты палуан, – дейдi Бекзат Жақсылық. Күрестi тамашалаған халық балуандардың тартысты белдесулерiне куә болып, таза жеңiске жеткен жүлдегерлердi зор қошеметпен марапаттады.

Атап айтқанда:

70 келi салмақта:

1-орын – Ерсайын Жанат, Астана.

2-орын – Қамай Еламан, Торғай.

3-орын – Ашықбай Ақжол, Арқалық.

90 келi салмақта:

1-орын – Қуанышбек Иман-жүсiп, Арқалық.

2-орын – Сәлiмжан Нұрсұлтан, Арқалық.

3-орын – Қазамбек Ақжол, Торғай.

Түйе палуан:

1-орын – Жақсылық Бекзат, Торғай.

2-орын – Сәлiмжан Нұрсұлтан, Арқалық.

3-орын – Қуанышбек Иман-жүсiп, Арқалық.

Қазақтың төл өнері айтыс та мерейтойдың сәнін келтірді.

Ауылдың 45 жылдық тойына орай елге белгілі арқалы ақындар Айбек Қалиев пен Бекарыс Шойбеков арнайы шақырылып, сөз сайысы ұйымдастырылды. Өнер додасында ақындар ел мен жердің қасиетін жырға қосып, көпшілікке рухани мереке сыйлады. Мерейтой аясында ауылдың өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан азаматтарға арнайы әзірленген «Бидайық – 45 жыл» мерекелік төсбелгісі табысталды. Ал қыр төсіндегі дүбірлі додада шабаңдоздар жүйріктерін баптап, ат бәйгесінде бақ сынады. Тұлпарлардың тұяғы жер тарпып, ауыл сыртындағы жазық даланы дүбірге бөледі.

Бір кездері егіншілік мақсатында бой көтерген Бидайықтың бүгінде өзіндік тарихы, тағылымы мен дәстүрі қалыптасқан. Алаштың аяулы перзенті Міржақып Дулатұлының мәңгілік мекеніне айналған бұл ауылдың әр беле-сі – ел тарихының бір парағы. Қырық бес жылдық мерейтой – өткенге есеп беріп, бүгінге тәубе айтып, келешекке бағдар түзейтін маңызды белес.

Шұға ҚОНҚАБАЙ
Суреттерді түсірген –
Бейбіт НҰРМҰХАНОВ



мінде дайындалған. Негізгі мақсат ұрпақтар сабақтастығын жалғап, қастерлі ауылдың қасиетін ұмыттырмау.

– Бидайық елінің азаматтары, тұрғындары, олардың ұрпақтары – балалары мен немерелері осы Торғайда осындай ауыл бар екенін

тарихи маңызы бар мәліметтер туралы жан-жақты әңгімелеп берді.

Одан әрі көпшілік «Бидайық» жазуын тамашалап, елді мекеннің тыныс-тіршілігімен танысты. Шара барысында балаларға арналған жаңа ойын алаңының лентасы қиылып,

игі істі қолға алды. Соның бірі – ауыл балаларына арналған заманауи ойын алаңы. Бұған қоса елді мекеннің көркіне көрік қосып, туған жерге деген сүйіспеншілікті білдіретін «I Love You, Бидайық» атты арнайы тақта орнатылды.

– Ауылымыздың жас бұл-

«Біздің Торғай»

Меншік иесі:
«ҚостанайМедиа» ЖШС

Директор:
Александра СЕРГАЗИНОВА
Тел. +7 701 897 2998.

Торғай ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 4

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен 2009 жылғы 2 қазанда № 10382 – Г тіркеу куәлігі берілген.

«Полиграфия Костанай» ЖШС баспаханасы.
Мекен-жайы: Қостанай қаласы, С.Мауленов көшесі, 16.
Тел: 28-02-92.
А - ақылы жарияланым.
Газеттің басылу сапасына баспахана жауап береді.
Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Жарнама, хабарландыру, ақылы материалдардың мазмұны мен мәтініне берушілердің өздері жауапты. Газетке берген материалдың түп нұсқалары, суреттер қайтарылмайды. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді.

ТЕЛЕФОН:
Бухгалтерия:
8(7142)54-69-71
Редакция:
8(71439)21-0-75.
Газет апта сайын шығады.
Офсеттік басылым.
Индекс: 65785
Таралымы 1000
Талсырыс 1086

